



"Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 маусымдағы N 633 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған 2004 жылға арналған "Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың маңызды көрсеткіштері бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

7

м а у с ы м д а ғ ы

N 6 3 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары

1. Қоғам дамуының жай-күйі мен перспективалары

1. Кіріспе

Осы "Қазпочта" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) дамыту жоспары "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына, "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына және Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы N 1716 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Қазақстандық почтаның қоғамның әлеуметтік-өндірістік инфрақұрылымының маңызды құрастырушысы ретіндегі миссиясы азаматтардың ақпарат алуға, таратуға және беруге конституциялық құқықтарын қамтамасыз етумен тұжырымдалады.

Қоғам мемлекет 100% қатысатын акционерлік қоғам болып табылады. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 2000 жылғы 7 қаңтардағы N 30503-1910-АҚ.

Қоғам "Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1940 қаулысына сәйкес Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған және 2000 жылғы 7 қаңтарда әрқайсысының номиналды бағасы 1000 теңге 903660 акциялардан тұратын 903660 мың теңге сомасындағы жалпы капиталмен тіркелді.

Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысымен Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне берілді.

2002 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қоғам акцияларын 265,3 млн. теңге сомасына 2-эмиссиялау проспекті тіркелді, соның нәтижесінде Қоғамның жарғылық капиталы Қоғамның негізгі қаражатын қайта бағалаудан түскен қаржы есебінен артты және 1169,0 млн. теңгені құрады.

2002 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қоғам акцияларын 643,1 млн. теңге сомасына соңынан эмиссиялау проспекті тіркелді, соның нәтижесінде Қоғамның жарғылық капиталы акциялардың қосымша эмиссиясын сатып алудан түскен қаржы есебінен артып, 1812,1 млн. теңгені құрады.

Қазіргі уақытта Қоғамда 1-деңгейі облыстық филиалдарды тікелей басқаруды, почтаның жұмысын республикалық деңгейде ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асыратын және почтаны халықаралық деңгейде танытатын орталық аппараттан тұратын үш деңгейлі (1-сұлба) басқару жүйесі жұмыс істейді.

2-деңгейге 14 облыстық филиал, "Алматы почтамты" Алматы филиалы, "Астана почтамты" Астана филиалы, "Республикалық арнайы байланыс қызметі" (бұдан әрі - РАБҚ) филиалы, "Алматы почта тасымалдау бөлімшесі" филиалы, "Астана почта тасымалдау бөлімшесі" филиалы, "Почтажабдықтау" филиалы жатқызылған.

3-деңгейді облыстық филиалдарға бағынатын және қалалар, аудандар аумақтарында

почта жөнелтілімдерінің барлық түрлерін қабылдауды, өңдеуді, тасымалдауды және табыс етуді қамтамасыз ететін почта байланысының 20 қалалық почта байланысы тораптары (бұдан әрі - ҚПБТ) мен 151 аудандық почта байланысы тораптары (бұдан әрі - АПБТ) құрайды. ҚПБТ мен АПБТ қалалық почта байланысы бөлімшелері (бұдан әрі - ҚПББ) мен ауылдық почта байланысы бөлімшелерінің (бұдан әрі - АПББ), сондай-ақ почта байланысы пункттерінің (бұдан әрі - ПБП) қызметін басқаруды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады.

1-сұлба

"Қазпочта" АҚ басқару құрылымы



Орталық аппараттың құрылымы бөлімшелердің қызметтерінің функционалды бағыттылығын ескере отырып құрылған және бес департамент пен жиырма басқармалардан тұрады. Орталық аппараттың құрылымы екі блокпен берілген: 1-блок - табыстылық орталығы - өндіріс қызметін үйлестіруші бөлімше; 2-блок - қолдау орталығы - басқарушы және қызмет көрсетуші бөлімшелер.

Қоғам қызметінің мамандануын ескере отырып 1-блокқа мына қызмет түрлерін үйлестіруші бөлімшелер жатқызылған: почта байланысы және агенттік қызметтер көрсету; почтаны тасымалдауды ұйымдастыру; көлікті пайдалану; ақша және материалдық құндылықтарды инкассациялау қызметін көрсету; қаржы қызметін көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; құрылымдық бөлімшелердің субкорреспонденттік шоттарын жүргізу; филателия қызметін көрсету, почталық төлем белгілерін шығарудың тақырыптық жоспарын әзірлеу; баспасөзді ұйымдастыру және т а р а т у .

2 блок: мемлекеттік бағалы қағаздар рыногындағы қызметті, өтімділігін бақылауды және актив пен пассивті басқаруды; ақпараттық жүйенің қызметін бақылауды, бағдарламалық өнімді әзірлеу мен енгізуді; бюджеттік жоспарлау және бюджеттің орындалуын бақылауды, еңбек мәселелерін, стратегиялық жоспарлауды және маркетингті; Қоғамның есептік саясаты мен қаржы есептілігін қалыптастыруды; қызметті құқықтық қамтамасыз етуді; тауар-материалдық құндылықтарды қамтамасыз етуді; халықаралық почта айырбасы үшін өзара есеп айырысуды жүргізуді,

халықаралық почта жөнелтілімдерін іздеуді жүргізуді, шетел почта әкімшіліктерімен және ұйымдарымен халықаралық өзара қарым-қатынас саласындағы жұмысты; почта қауіпсіздігін ұйымдастыру жөніндегі жұмысты; құрылымдық бөлімшелердің қаржы-шаруашылық қызметінің аудитін; құжаттамалық қамтамасыз етуді; персоналмен жұмысты жүзеге асыратын бөлімшелерден тұрады.

Компанияның акционерленуі қызметтің пайдалану, жоспарлы-экономикалық саласында дербестікті кеңейтуді, почталық желілерді дамытуға және жаңғыртуға инвестициялар тартуды қамтамасыз етті. Почта байланысының шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқығын кеңейту басқару жүйесі мен тұтас саланы ырықтандыруға бағытталған.

Қоғамды басқару жүйесі басқару субъектілерінің төменгі буынының жоғарғы буынына бағыныстылығына негізделген иерархиялық жүйе болып саналады, ал ол өз кезегінде одан да жоғары деңгейдегі органдардың тарапынан басқару объектісі болып табылады. Басқарудың жоғарғы органы дамытудың басымдықтары мен стратегиялық бағыттарын белгілеу негізінде жалпы Қоғамды басқаруды қамтамасыз етеді. Басқару ықпалы экономикалық даму міндеттерін ең тиімді жолмен жүзеге асыру бойынша барлық басқарылатын ішкі жүйе қызметін үйлестіруге бағытталған тиісті шешімдер түрінде тұжырымдалады.

Қоғам мемлекеттік органдардың тарапынан басқару объектісі бола тұра өз құрамына кіретін филиалдар, құрылымдық бірліктер мен бөлімшелерге қатысты басқару міндеттерін жүзеге асырады. Осы деңгейде міндеттерді нақтылау жүзеге асырылады, сондай-ақ компанияның объектілерін, процестері мен ресурстарын басқарудың жедел-өндірістік жүйесі қалыптастырылады. Филиалдардың заңды тұлға ретінде құқықтары жоқ бірақ оларға өз өндірістік міндеттерін орындау үшін жеке теңгерімінде және Қоғам теңгерімінде есепке алынатын мүліктер берілген.

Сонымен компания қызметінің ерекше әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, таңдалған басқару моделі қажетті шұғыл-шаруашылық дербестігін қамтамасыз етеді, оның аясын кеңейту өндіріс қызметінің тиімділігін көтеруге, көрсетілетін қызметтер спектрін арттыруға және олардың сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады.

2. Рынокты талдау

Почта рыногын дамытудың болашағын қамтамасыз ететін ең басты ерекшелігі почта байланысы объектілерінің кең желілерінің есебінен және тарифтерінің төмен болуының арқасында почта байланысы қызметіне қол жетімділігі болып табылады. Бірақ, почта байланысы қызметінің, әсіресе жазбаша хабарларға қатысты алмастырылуы баламалық почта ұйымдары мен құжаттық электронды байланыс ұйымдарының тарапынан бәсекелестік әрекеттер есебінен почта рыногының аясын тарылтуға әкеліп отыр, бұл жаңа қызмет түрлерін дамыту, дәстүрлі көрсетілетін қызмет

түрлерінің сапасын жақсарту жөніндегі міндеттерді шұғыл шешуді талап етеді.

Жазбаша хабарлар қызметін көрсету жөніндегі баламалы қызметтердің дамуына, қазақстан рыногында телекоммуникациялық және почта байланысының әлемдік лидерлерінің пайда болуына байланысты Қоғам қызметі аясының тарылу үрдісі байқалды, ал бұның өзі бұрынғы әдістерді қайта қарауды, жаңа шешімдер қабылдауды, көрсетілетін дәстүрлі қызмет сапасын жақсартуды талап етеді.

Қ о ғ а м н ы ң к л и е н т т е р і :

х а л ы қ ;

б ю д ж е т т і к ұ й ы м д а р ;

к о м м е р ц и я л ы қ к ұ р ы л ы м д а р ;

шетел өкілдіктері, елшіліктер мен Қазақстан аумағына келетін жеке шетел тұлғалары болып табылады.

3. 2001-2003 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметін талдау

Қазақстан почтасы қаржы жағдайын тұрақтандыру және тұрақты өсу сатысына нық қадам басуда: біртіндеп почта байланысы қызметінің сапасы жақсаруда, почта-қаржылық қызметтер саласы кеңеюде, қазіргі заманғы коммерциялық қызмет көрсетулер дамуда.

2001-2002 жылдар кезеңінде ақылы почта алмасудың өсу үрдісі байқалды. 2002 жылы почта жөнелтілімдерінің жалпы саны 109,8 млн. бірлікті құрады және 2001 жылмен салыстырғанда 12%-ға өсті. Ақылы почта алмасудың көлемі 2003 жылы 4,5 млн. бірлікке немесе 2002 жылдың деңгейіне қатысты 4%-ға өсірілді (1-кесте).

1-кесте

Ақылы почта жөнелтілімдерінің және мерзімдік басылымдар динамикасы

Атауы	2001 жыл есеп	2002 жыл есеп	2003 жыл есеп	2002 жылға қатысты %-бен 2003 жыл
Ақылы почта жөнелтілімдерінің және сылымдардың бірі () , Оның ішінде : - жазбаша хат-хабарлар	97,67	109,8	114,3	104,0
	мерзімдік басылымдар (млн.)			
	14,47	15,1	15,5	102,6

- сәлемдемелер	1,3	1,3	1,3	100,0
- мерзімдік басылымдары	81,9	93,4	97,5	104,4

Өңделген жазбаша хат-хабарлардың және мерзімдік басылымдардың жалпы санында ең үлкен үлес салмақ (85%) мерзімдік басылымдарға жазылуға және сатуға келіп тұр, жазбаша хат-хабар 14% құрайды. 2003 жылы Қоғам балама байланыс құралдары пайда болғаннан және Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін басқа да қызметтерді жеткізушілер тарапынан өсіп отырған бәсекелестіктен туындаған хатпен алмасудың құлдырауын жеңіп шықты, сондай-ақ 2001-2002 жылдары байқалған бандерольдер, сәлемдемелер және мерзімдік баспа басылымдары бойынша почта алмасудың өсу үрдісі сақталып қалды.

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу жөніндегі функцияларды біртіндеп қайтару нәтижесінде Қоғамның 2002 жылы төленген зейнетақыларының, жәрдемақыларының және атаулы әлеуметтік көмектің жалпы саны 66,8 млрд. теңгеден аса сомаға 18,2 млн. бірлікті құрады, мұның өзі 2001 жылғы деңгейден 18,8% асып түсті. 2003 жылы 18,9 млн. бірлік мөлшеріндегі 73 млрд-тан астам теңге сомасында зейнетақылар мен жәрдемақылар төленді.

2002 жылы қабылданған ақша аударымдарының саны 0,75 млн. құрады, мұның өзі 4,1 млрд. теңгені құрап, 2001 жылғы деңгейден 4% асты 2003 жылы қабылданған ақша аударымдарының саны ақшалай аударым сомасы 2,7% өсіп, 0,77 млн. бірлікті құрады.

2002 жылы почта-жинақ қызметін қарқынды дамыту, ауылдық жерлер мен аудандық маңыздағы қалаларда шағын бизнесті енгізу нәтижесінде қаржылық операциялардың көлемі: төленген жалақы көлемі - 2001 жылмен салыстырғанда төленген еңбекақы көлемі - 1,8 есе, қабылданған коммуналдық төлем көлемі - 1,3 есе, қабылданған аударымдар көлемі - 1,4 есе ұлғайды. Қабылданған коммуналдық төлем көлемі 2,5 млрд. теңгені құрады, 2001 жылғы көрсеткіштерден 25%-ға жоғары, бөгде ұйымдарға төленген еңбекақы сомасы - 19,9 млрд. теңгені құрады, 2001 жылғы деңгейден 1,9 есе өскендігі белгіленді.

Халықтың ақшасын депозитке қабылдау және беру қызметін ұсынатын почта байланысы бөлімшелерінің саны 153 бірлікке ұлғайды және 2002 жылдың қорытындысы бойынша 2444 бірлікті құрады. 2002 жылы заңды тұлғаларға 840 шот ашылды және шоттардың жалпы саны 1215 бірлікті құрады. Қолданылған шаралар Қоғамға аумақты кеңейту және қызмет көрсетудің сапалы деңгейін арттыру есебінен клиенттер санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қоғамның депозиттік базасы бір жылдың ішінде өткен жыл деңгейіне қарағанда 13,4% ұлғайды және 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 857 млн. теңгені құрады.

Тиімді жұмыс істейтін отандық почта-жинақ жүйесін қалыптастыруға бағытталған қызметті жандандырудың нәтижесінде компанияның қаржы жағдайы едәуір жақсарды (2-кесте).

2-кесте

2001-2003 жж. қаржы-өндірістік қызметтің
негізгі көрсеткіштері
(млн. теңге)

Баптың атауы	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл	2001 жылға
	есеп	есеп	есеп	шаққанда
				2003 жылы %
Жиынтық табыс,	3561,0	4109,4	4661,0	130,9
Оның ішінде:				
- негізгі қызметтен түсетін табыс	3305,6	3915,7	4522,2	136,8
- негізгі емес қызметтен түсетін табыс	255,4	193,7	138,8	54,1
Жиынтық шығыстар,				
Оның ішінде:				
өндірістік өзіндік құны	2041,4	2507,1	3009,0	147,4
Кезең шығыстары	1307,5	1389,3	1445,3	110,5
Негізгі емес қызмет шығыстары	74,3	68,5	31,1	41,9
Корпоративтік табыс салығы	26,8	15,6	46,5	173,5
төтенше жағдайлар шығыстары				0,3
Таза табыс (шығын)	110,7	128,9	129,1	116,6

2002 жылғы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша Қоғамның жиынтық табысы 2001 жылдың нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 15,4 % ұлғайып, 4109,4 млн. теңгені құрады. 2002 жылы жиынтық шығындар 2001 жылдың деңгейінен 15,4% асып, 3980,5 теңгені құрады. 2002 жылы Қоғамның таза табысы 128,9 млн. теңгені құрады, ал 2000 жылы бұл көрсеткіш 16,4% немесе 18,2 млн. теңгеге тең болған.

2003 жылы жиынтық кірісті 2002 жылдың деңгейімен салыстырғанда 13,4%-ға өсті, яғни 551,6 млн. теңгені құрады, жиынтық шығындар деңгейі 13,8% немесе 551,4 теңгеге ұлғайды, таза табыс 0,2%-ға немесе 0,2 млн. теңгеге артады.

4. Қоғамды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары

1. Мақсаты мен міндеттері

Нарықтық экономиканың дамуы және қоғамды ақпараттандыру жағдайында почта байланысы кәсіпкерліктің, қаржы-жинақ қызметтерінің, бағалы қағаздар рыногының, ақпаратпен алмасудың дамуына ықпал ететін нарықтық және ақпараттық инфрақұрылымның маңызды элементі болып табылады.

Осыған байланысты Қоғамның таяу перспективада дамуының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында қазіргі заманғы технологиялар мен халықаралық ынтымақтастықтың прогрессивті нысандарының базасында кең ауқымды почталық, қаржылық және агенттік қызметтер көрсететін, тиімді жұмыс істейтін почта-жинақ жүйесін құру болып табылады.

2004 жылы Қоғам қызметі мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталатын болады:

еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуына жәрдемдесу үшін почта байланысы инфрақұрылымы мен экономикалық жағдайын жақсарту;
ауыл тұрғындарын почта-жинақ жүйесінің базалық қызметіне қол жетімділігін және қоғамдық лайықты сапасымен қамтамасыз ету;
қала мен ауыл арасындағы почта-жинақ инфрақұрылым объектілерінің қамтамасыз етілуіне қатысты алшақтықты қысқарту.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мынадай міндеттерді шешуді көздейді:
негізгі қорларды жаңарту арқылы почта-жинақ қызметін көрсету сапасын жоғарылату, қолданыстағы технологияларды жаңғырту және жана түрлерін енгізу, техникалық қайта жарақтандыру және почта-жинақ жүйесінің объектілері мен қолданыстағы жабдықтарын жөндейтін жөндеу-пайдалану қызметін көрсететін паркт е р д і жа қ с а р т у ;

халыққа қолжетерлік почта-жинақ қызметін көрсетуді қамтамасыз ететін қаржылық м е х а н и з м д е р құ р у ;

іскерлік белсенділікті өсіруге, шағын және орташа бизнесті дамытуға жәрдемдесетін қызметтердің ассортиментін кеңейту;

почта қауіпсіздігінің күзет бөлімшелерін құру арқылы пайдаланушылар мен қызметкерлердің, сондай-ақ почта операторлары мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін почта жөнелтілімдерінің, почталық ақша аударымдарының сақталуын және қызметтік міндеттерін жүзеге асыруға байланысты почта операторына сеніп тапсырылған хат алысулардың, почталық және өзге де хабарламалардың құпиялылығын қамтамасыз ету;

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, жаңа қызметтерді көрсету жөніндегі

Қоғам қызметін реттейтін әдіснамалық базаны қалыптастыру;
шетелдік почта әкімшіліктерінің озық жетістіктерін зерделеуді және енгізуді
көздейтін Қазақстан Республикасы почта саласының әлемдік почта жүйесіне бірігуін
о д а н ә р і т е р е ң д е т у .

Шетелдік ұйымдармен және почта әкімшіліктерімен халықаралық
ынтымақтастықты дамыту саласында Қоғам мынадай бағыттарды анықтады:

Біртұтас почта аумағын сақтау, баршаға қол жетімді почталық байланыс қызметін
көрсету, сала қызметкерлерін оқыту үшін Дүниежүзілік почта одағының органдарымен,
аймақтық почта одақтарымен, шетелдік почта әкімшіліктерімен ынтымақтастықты
д а м ы т у ;

Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері арасында авиа және жерүсті
көліктерімен жіберілетін почта жөнелтілімдерінің жүріп өтетін бақылау мерзімін
б е л г і л е у ж әне е н г і з у ;

Қоғамның Дүниежүзілік почта одағының Халықаралық бюросы өткізетін
халықаралық почта жөнелтілімдерінің нақтылы жүріп өту мерзімін тексерулеріне
қатысуы.

2. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдарын таңдау

Көрсетілетін қызмет сапасын жоғарылату және олардың бәсекеге қабілеттілігін
көтеруге негіз ретінде материалдық-техникалық базаны жетілдіруді және жаңартуды
жүзеге асыру үшін сырттан қаржыландыру көздерін тарту жоспарланып отыр.

Көрсетілетін қызметтерді, әсіресе ауыл тұрғындары үшін көрсетілетін қызметке қол
жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында әлемдік тәжірибені пайдалану арқылы
қолданыстағы технологияларды жетілдіру жоспарланып отыр.

Өндіріс қызметінің тиімділігін арттыру үшін ішкі резервтерді жаппай жұмылдыру
және білікті персоналды тартуды көздейтін жаңа сапалы негізде тұтынушылардың
сұранысын ескере отырып көрсетілетін қызмет түрлерінің аясын кеңейту.

Таяу перспективадағы даму басымдықтары ретінде мынадай қызмет бағыттары
б е л г і л е н г е н :

почта жөнелтілімдерінің көлемін арттыру, қызмет көрсету сапасын жақсарту,
технологиялық процестер мен почта маршруттарын онтайландыру;

тіркелетін почта жөнелтілімдерінің қадағалап байқау жүйесін енгізу, 2005 жылдан
бастап "KazSat" Қазақстан Республикасының байланыс және хабар таратудың ұлттық
г е о т ұ р а қ т ы с е р і г і н е а у ы с у ;

почта байланысын пайдаланудың сапалық көрсеткіштерін бағалау нормативтерін
қайта қарау, почта жөнелтілімдерін жеткізудің бақылау мерзімдерін қысқарту
м а қ с а т ы н д а қ а й т а қ а р а у ;

салымдар бойынша пайыздарын автоматты есептеу және бухгалтерлік есепте

жүргізілетін операцияларды көрсету үшін Қоғамның бөлімшелерінде ашылған барлық дербес есепшоттарды орталықтандырылған түрде жүргізу;

екінші деңгейдегі банктерге заңды тұлғаларға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді ұсыну жұмысын жандандыру;

"Western Union" жүйесі бойынша ақша аударуда клиенттердің шеңберін кеңейту.

Сондай-ақ, почтаның әлеуетті мүмкіншіліктерін пайдалану мақсатында агенттік қызмет желілерін құру және дамыту, сонымен қатар көрсетіліп жүрген қызметтерді жандандыру үшін мынадай жаңа қызмет түрлерін енгізу жоспарланып отыр:

жеке және заңды тұлғалардан салық және басқа да міндетті төленетін төлемдерді қ а б ы л д а у ;

зейнетақы қорларына зейнетақы жинақтары туралы хабарламаларды жеткізіп беруге байланысты салымшыларды шарт жасасуға тарту жөнінде агенттік қызмет к ө р с е т у ;

банктермен, сақтандыру ұйымдарымен, брокерлермен-дилерлермен, бағалы қағаздар портфельдерін басқару жөніндегі қызмет пен зейнетақы жинақтаушы қорлардың зейнетақылық активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызметті жүзеге асыратын ұйымдармен және басқа банктік емес қаржы мекемелерімен ынтымақтастық қ а р ы м - қ а т ы н а с ж а с а у .

2004 жылы Интернетке ұжымдық қолжеткізу пункттерін ұйымдастыру арқылы Интернет-қызметін дамытуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Бұл сондай-ақ интернет-дүкендер мен филателия өнімдерін бөлшек сауда арқылы сататын, арнайы пункттерді ашу жолымен филателия қызметін дамытуға мүмкіндік туғызады.

2004 жылы қызметкерлердің еңбегін автоматтандыру мен жеке және заңды тұлғалар бойынша деректер базасын жетілдіру үшін тікелей почтамен жіберілетін материалдарды жасақтаушы жабдықты орнату нәтижесінде директмаркетинг қызметін көрсету жөніндегі жұмыс жандандырылатын болады.

Сонымен қатар жаңа қызмет түрлерін енгізуді және дамытуды жалғастыру ж о с п а р л а н ы п о т ы р :

1) тапсырыстар бойынша сәлемдемелік сауда жүйесінің шегінде сервистік қызмет көрсету арқылы "Тауар-Почтамен" каталогтары бойынша почталық сауданы ұйымдастыру және дамыту, оның ішінде Интернет арқылы;

2) трансфер-агенттік қызметтер;

3) қазіргі технологиялардың, филиалдардың республикалық желілері және халықаралық ынтымақтастықтың озық нысандарының базасында электронды почталық с а у д а н ы д а м ы т у .

EMS Kazpost курьерлік қызметінің жұмысындағы басым бағыттары оны жаңғыртып жетілдіру мен бәсекелестік қабілетін арттыру болып табылады. Соған байланысты м ы н а д а й м і н д е т т е р ш е ш і л у д е :

1) Қазақстан бойынша EMS Kazpost курьерлік қызмет жүйесін автоматтандыру;

- 2) EMS халықаралық кооператив жүйесіне сәйкес келетін жеделдетілген почта жөнелтілімдерін компьютермен бақылап қадағалау жүйесін енгізу;
- 3) EMS қабылдау пункттерін кеңейту;
- 4) әлемнің ірі почта әкімшіліктерімен халықаралық жедел почта саласындағы ы н т ы м а қ т а с т ы қ ;
- 5) почталық қызмет көрсетудің сапасын жақсарту.

3. Почта-жинақ жүйесінің қызметін дамыту қарқыны

2004-2006 жылдары почталық қызмет саласында мына нәтижелерге жету жоспарланып отыр: шығатын жазбаша хат-хабардың көлемін 17,4 млн. бірлікке дейін арттыруды немесе 2002 жылмен салыстырғанда 15,2% ұлғайтуды қамтамасыз ету және 2004-2006 жылдары сәлемдемелер қабылдау деңгейін 1,4 млн. бірлік шегінде немесе 2002 жылмен салыстырғанда 7,7% арттыруды қамтамасыз ету жоспарланып отыр, мерзімді баспа басылымдарының көлемін 2002 жылмен салыстырғанда 2006 жылы 6,6% өсуін қамтамасыз ете отырып, 2006 жылы 99,6 млн. бірлікке дейін жеткізу. 2006 жылы қабылданған жеделдетілген почта жөнелтілімдерінің санын 336 мың бірлікке немесе 2002 жылғы деңгейге қарағанда 12% арттыру жоспарланды.

Қаржылық және агенттік қызмет саласында мына көрсеткіштерге жету жоспарланып отыр: 2002 жылмен салыстырғанда 29,3% ұлғайтуды қамтамасыз ете отырып, ақша аударымдарының санын 2006 жылы 0,97 млн. бірлікке дейін жеткізу, зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу санын 2006 жылы 19,4 млн. бірлік деңгейіне дейін немесе 2002 жылмен салыстырғанда 6,6% көтеру жоспарланып отыр. Коммуналдық төлемдер қабылдауды 2006 жылы 2002 жылға қарағанда 66,7% көбейту, жалақы төлеуді, тиісінше 78,2% және салық төлемдерін - 40,6%, ақша мен құндылықтарды инкассациялауды - 17,9% арттыру, сондай-ақ зейнетақы хабарламаларын жеткізуді тиісінше - 17,4% арттыруды қамтамасыз ету жоспарланған.

3-кесте

Көрсетілетін негізгі қызметтер бойынша көрсеткіштердің
2004-2006 жылдарға арналған болжамы

Көрсеткіш атауы	Өлшем	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл
	бірлігі	жыл	жыл	болжау	болжау	болжау
		е с е п	ж о с п а р			

П о ч т а л ы қ к ы з м е т т е р :

Ж а з б а ш а х а т - х а б а р л а р	м л н .
х а т - д а н а	15,1 15,5 17,0 17,2 17,4

сәлемдемелер	дана	1,3	1,3	1,4	1,4	1,4
М е р з і м д і к						м л н .
басылымдары	дана	93,4	97,5	97,6	98,0	99,6
Ж е д е л д е т і л г е н						м ы ң
почта қызметі	дана	300	310,0	319,0	330,0	336,0

Қаржылық қызметтер және қаржылық қызметтер көрсету, агенттік қызметтер :

Еңбекақы төлеу	млрд.	18,8	20,9	25,2	30,2	33,5
					т е ң г е	
З е й н е т а қ ы			ж ә н е			
жәрдемақы төлеу						
Саны	млн.	18,2	18,98	19,1	19,3	19,4
					б і р л .	
Сомасы	млрд.	66,8	73,5	80,8	88,9	92,9
					т е ң г е	
Коммуналдық	млрд.	3,0	4,3	4,5	4,8	5,0
төлемдер	теңге					
Депозиттер:						
Саны	мың	860,0	1067,0	1081,0	1145,0	1245,0
					б і р л .	
Сомасы	млн.	857,0	1240,0	1480,0	1730,0	1801,0
					т е ң г е	
Салық төлемдерін	млрд.	3,2	3,4	3,7	4,3	4,5
қабылдау	теңге					
П о ч т а л ы қ			а қ ш а			
аударымдары:						
Саны	млн.	0,75	0,77	0,83	0,91	0,97
					б і р л .	
Сомасы	млрд.	4,1	4,6	4,9	5,4	5,8
					т е ң г е	
Құндылықтар мен	млрд.	168,8	102,0	143,0	193,0	199,0
а қ ш а н ы					т е ң г е	
инкассациялау						
Зейнетақы	млн.	2,3	2,4	2,5	2,6	2,7
хабарламалары					б і р л .	

Белгіленген өндірістік бағдарлама 4-кестеде көрсетілген қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік туғызады.

4-кесте

Қаржылық көрсеткіштердің болжамы
(млн. теңге)

	2002 жыл есеп	2003 жыл жоспар	2004 жыл болжау	2005* жыл болжау	2006* жыл болжау
Кіріс	4109,4	4661,0	5964,8	6561,0	7032,8
Шығыс	3964,9	4531,9	5829,2	6418,6	6826,3
О н ы ң		і ш і н д е			
өндірістік өзіндік	2507,1	3009,0	3730,5	4245,0	4566,2
қ ұ н ы					
Салық салынатын табыс	144,5	175,6	184,7	193,9	206,5
Корпоративтік табыс	15,6	46,5	49,1	51,6	54,9
с а л ы ғ ы	б о й ы н ш а		ш ы ғ ы с т а р		
Таза табыс (шығын)	128,9*	129,1	135,6	142,3	151,6

*- Республикалық бюджет комиссиясы мәжілісінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 1 хаттамасына сәйкес Үкіметке ауылдық жерлерде агенттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ұсыныстар берілді (зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі қызмет, мерзімдік баспа басылымдарын әкеліп беру жөніндегі қызмет, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жөніндегі қызмет), республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдаған жағдайда қаржы көрсеткіштеріне түзету енгізілетін болады.

**.- өткен жылдардың шығындарын есепке алмағанда.

Кірістің өсуін, бірінші кезекте, почталық қызметтердің көлемін ұлғайту, қаржылық және агенттік қызметтерді белсенді ендіру арқылы, сондай-ақ әлеуметтік маңызды қызметтер бойынша тарифтік ставкаларды (комиссиялық сыйақыны) олардың қол жеткізімділігін сақтай отырып нақты шығындар деңгейіне дейін теңестіруді көздейтін оңтайлы баға құру стратегиясын қалыптастыру арқылы қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

2004-2006 жылдарға Қоғамның шығыстарын қалыптастыру кезінде жыл сайын қызметкерлердің еңбекақы мөлшерін өсіру, сондай-ақ инвестициялар тарту нәтижесінде амортизациялық аударымдарды өсіру және ғимараттарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

2004 жылы негізгі қызметтен сомасы 5 783,9 млн. теңгеге, ал негізгі емес қызметтен сомасы 180,9 млн. теңгеге табыс аламыз деп күтілуде. Сонымен өндірістік шығыстар (

негізгі қызмет түрлерінің өзіндік құны) 3 730,5 млн. теңгені құрайды, оның ішінде:

материалдар - 313,7 млн. теңге;

қызметкерлерге еңбекақы төлеу (өндірістік персонал) - 1 851,2 млн. теңге;

еңбекақы төлеуден түскен аударымдар - 370,2 млн. теңге;

үстеме шығындар - 769,5 млн. теңге;

басқа шығындар - 425,8 млн. теңге;

Кезең шығындары - 1 929,2 млн. теңге.

Негізгі емес қызметке байланысты шығындар - 120,3 млн.теңге.

Қызметкерлердің тізімдік саны 2002 жылмен салыстырғанда 8,7% артады және 17 591 адамнан тұрады, орташа айлық еңбекақы көлемі 15 504 теңге, бұл 2002 жылмен салыстырғанда 22,6% жоғары.

2004 жылы сатылған өнімдердің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құн құрылысында едәуір үлесін тікелей өндірістік шығындар құрайды (68% астам). Үстеме өндірістік шығыстар 20%-ға жуығын құрайды, негізгі қызметтен басқа да шығындар - 11%.

2004 жылы Қоғам табыстардың жоспарлы деңгейі асқан жағдайда, шығындардың ауыспалы баптарын түзетуді қарастыратын, икемді бюджет жүйесіне өтеді.

5-кесте

Қызмет көрсетулердің өзіндік құнының құрылымы
(млн. теңге)

Баптардың атауы	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл
Қызмет көрсетудің өзіндік құны					
Барлығы:	2507,1	3009,0	3730,5	4245,0	4566,2
Оның ішінде:					
Тікелей шығыстар	1659,9	1921,6	2535,2	2851,3	3110,8
Үстеме шығыстар	538,0	644,3	769,5	907,8	959,3
негізгі қызметтер бойынша басқа да шығыстар	309,2	443,1	425,8	485,9	496,1

Күрделі салымдар

Қоғамның алынған таза табысын қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес құрылатын резервтік капиталдан өткен жылдардың шығынын өтеуге жұмсау нәтижесінде, 2004-2006 жылдары Қоғам 6-кестеде көрсетілген күрделі салымды сыртқы көздердің есебінен жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

6-кесте

2004-2006 жылдарға күрделі қаржы салымдарының жоспары
(м л н . т е н г е)

Компонент. тердің атауы	2004 жыл			2005 жыл			Банк ре.	2006 жыл			Бар. лығы
	Об. ли. га. ция. Бан. лық қа. ның рыз рыз	Ис. лам даму лар эмис. кі. нің қа. ның рыз рыз	Ак. ция. лар эмис. ция. эмис. ның ның рыз рыз	Об. ли. га. даму лар эмис. кі. нің қа. ның рыз рыз	Ис. лам даму лар эмис. кі. нің қа. ның рыз рыз	Ак. ция. лар эмис. ция. эмис. ның ның рыз рыз		зи. ден. ттің не. сие. сі	Об. ли. га. лар ция. эмис. ның ның рыз рыз	Ак. ция. лар эмис. ның ның рыз рыз	
Компьютерлік және жабдықтар	641,0							641,0			
Бағдарламалық камсыздандыру	93,5			90,5				70,9			254,9
Почталық қ ұ р а л - жабдықтар	85,1			37,7							122,8
Почта қауіпсіздігі қызметін жарақтандыру	18,6										18,6
Көлік қ ұ р а л д а р ы және жабдықтар	40,6	240,6		322,6	322,6	51,3					981,7
Күрделі жөн. деу тары фирматтары мен ларды қ а л ы қ бекемдеу		159,4			450,7	91,6		737,6			1439,3
					ж ұ м ы с .						
					ж ә н е						
					ү й - ж а й .						
					т е х н и .						

Ауылды ме.					190,0					190,0
к е н д е р д е										
ғ и м а р а т т а р										
сатып алу										
Касса және	99,4									99,4
а й ы р б а с т а у										
п у н к т т е р і										
ү ш і н										
жабдықтар										
Банк					112,1					112,1
жабдықтары										
Қызмет					48,6	10,9				59,5
к ө р с е т у г е										
қ а ж е т т і										
б а с қ а										
қ ұ р а л -										
жабдықтар										
Барлығы:	93,5	884,7	400,0	90,5	483,3	1005	153,8	70,9	737,6	3 9 1 9 , 3

Әлеуметтік мәселелер

Персоналды басқару Қоғам менеджментінің жүйесінде ерекше орын алады. Персоналды даярлау, мамандығын жетілдіру, персоналды қайта даярлау жөніндегі мақсатты жұмыстарды үнемі жүргізуге, іскерлік мансапты жоспарлау, қызметкердің кәсіби-іскерлігі мен лауазымының өсуіне, қызметкерлердің тиімді еңбек уәждеу жүйесін әзірлеуге аса көңіл бөлінеді.

Кәсіпорын қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіру негізгі формалары Қоғамның басшы қызметкерлері мен мамандары үшін тренингтер мен семинарлар жүргізу болып табылатын қосымша білім беру жүйесінің базасында жүзеге асырылады.

2004-2006 жылдары Қоғам почта-жинақ жүйесіндегі қызметкерлердің еңбекақы көлемін көбейту және орташа республикалық айлық еңбекақы көлеміне жақындату жөніндегі саясатты жүргізуді жалғастыратын болады.

2002 жылы Қоғамның орташа еңбекақысы Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық еңбекақысының 52% құрады.

Соның нәтижесінде Қоғам қызметкерінің орташа еңбекақысы 2002 жылмен салыстырғанда 2006 жылы орташа айлық еңбекақы өндіріс персоналына - 64%, көмекші персоналға - 32%, әкімшілік персоналына - 41% көтеруге жоспарланып отыр.

Қоршаған ортаны қорғау және еңбектің қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі іс-шаралар

Қоғамның қоршаған ортаны қорғауға бағытталған саясаты мынадай іс-шараларды іске асыруды көздейді: технологиялық құрал-жабдықтарды жаңарту, техникалық жағынан оңдалған көлік құралдарын пайдалану, сүзбелер мен катализаторлар орнату жатады. Пайдаланылатын технологиялардың жабдықтық және көлік құралдарының қоршаған ортаға теріс әсерін төмендетуге белгіленген экологиялық стандарттарды сақтауға жол берді.

Қоғам дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайларынан тұратын қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды ұйымдастыру тетігін құруға, апаттар мен жарақаттардан уақытылы сақтандыруға, сонымен қатар мамандарды еңбекте қорғау ережелері мен нормаларына үйретуге, өндірісте еңбекке жарамсыз жағдайда залалды өтеуге ерекше назар аударады.

2004-2006 жылдары Қоғамның жұмысшы персоналы мен өндірістік объектілерінің кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай іс-шараларды жүргізу жоспарланып отыр:

Қоғам объектілерін өрт сөндіру жүйелерімен жабдықтау;
салымдарды қол сұғушылықтан сақтау үшін почта жөнелтімдерін тексеруге байланысты арнайы жабдықтар орнату;

қауіпті жүктер мен жарылғыш құрылғыларды табу үшін рентген-телевизиялық жүйені орнату;

күзетілетін объектілердің көпшілігінен бейнекөрініс алуға мүмкіншілік беретін бейнебақылау жүйесін енгізу;

диэлектрлік құралдарды сынақтан өткізу зертханасын пайдалануға тапсыру, әрі қарай кеңейту электр сымдарының кедергісін, жерлендіру контурын және электр желілерінің (электр сымдарының) оқшауламасын және электромагниттік өрісті өлшеуге жоспарланып отыр.

4. Бағалық және тарифтік саясат пен оның негіздемесі

Баға белгілеудің оңтайлы стратегиясын құру Қоғамның маңызды міндеті, өйткені тарифтер баға белгілеу құралы ретінде кәсіпорынның ағымдағы шығындарын жабу және өндірісті дамыту мен технологиялық процестерді жаңғырту көзі ретінде пайда табу үшін табысты қалыптастырудың негізі болып табылады.

Қоғамға азаматтардың ақпарат алуға, таратуға және беруге конституциялық құқығын қамтамасыз ету, республика ішінде жалпы қолжетерлік почта байланысы қызметін көрсету жөніндегі жүктелген миссияға сәйкес, Қоғам Қазақстан Республикасының Табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркеліміне енгізілген, себебі аталған қызметтерге уәкілетті мемлекеттік реттеуші органмен

тарифтердің реттелуін қарастыратын, жалпы қолжетерлік почта байланысы қызметін көрсету жөніндегі монополист болып табылады.

Қоғам тарифтік саясатты жетілдіру мақсатында жоспарланған кезеңде қолданыстағы активтердің реттелетін базасына түскен пайда ставкаларын есептеу әдістемесін дайындау және енгізу жөніндегі жұмысты жалғастырмақ. Бұл почта жүйесінің рентабельді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және регламенттік, жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын сапалы, әрі уақытылы жүзеге асыруға мүмкіндік б е р е д і .

Әр қызмет түрлеріне байланысты нақты өзіндік құн деңгейін анықтау үшін жоспарланған кезеңде қызмет түрлері бойынша шығындарды бөлшектеп есеп жүргізу әдістемесін дайындау жөніндегі жұмыс жалғастырылады және оның кезеңмен енгізілуі 2 0 0 4 жы л д а н б а с т а л м а қ .

Сонымен 2004-2006 жылдары Қоғамның қызметі макро- және микроэкономикалық индикаторлардың ықпалын ескере отырып экономикалық негізделген әдістердің базасында икемді тарифтік реттеу механизмін енгізуге бағытталады.

Зейнетақы және жәрдемақы төлеу қызметінің пайдасыздығын ескере отырып 2005 жылы мына қызмет түрлеріне тарифтерін көтеру (комиссиялық сыйақы ставкаларын) болжамдалып отыр: ауылдық елді мекендерде зейнетақы және басқа әлеуметтік жәрдемақылар төлеу жөнінде төлем сомасынан 1,25%-ға дейін, белгілі санаттағы азаматтарға жеткізу жолымен - 0,85%-ға дейін, жеке шоттарға аудару арқылы - 0,6%-ға д е й і н .

Қоғам ауылды мекендерде мерзімді баспа басылымдарын жеткізіп беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, жалғыз ғана жеткізуші болып табылады. Ауылға мерзімдік басылымдарды жеткізуге байланысты қолданыстағы тариф шығындардың орнын толтырмайды, сондықтан тұтас алғанда бұл қызметті залалға шығарып отыр. Ауылда осы аталған қызмет түрлерін көрсетуге байланысты шығындардың орнын толтыру үшін өтемақылық механизм құру қажет, яғни ол почта-жинақ қызметін көрсету сапасын жақсартуға, ауылдық байланыс бөлімшелерінің қызметкерлеріне еңбекақыларын көтеруге мүмкіншілік береді.

5. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қарым-қатынасы

Қоғамның Директорлар кеңесі 2001 жылғы 9 сәуірде бекіткен Қоғамның таза табысын, резервтік капитал мен өзге де қорларының қаражатын пайдалану тәртібіне, сондай-ақ Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам таза табыс есебінен Қоғамның Жарғылық капиталының 15% кем емес мөлшерде резервтік капитал құруы қажет.

2004 жылға арналған негізгі көрсеткіштерді (1 НК/1 нысанасы) есептеу кезінде м ы н а д а й ж а ғ д а й л а р е с к е р і л д і :

1) өтеу көзі резервтік капитал болып табылатын өткен жылдардың шығындары 2003

жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 139,9 млн. теңге;

2) 2003 жылы 643,1 млн. теңге сомасына 2004 жылы - 400,0 млн. теңге сомасына, ал 2005 жылы - 1 005,0 млн. теңге сомасына акциялардың қосымша эмиссиясын шығару нәтижесінде жарғылық капиталдың мөлшері 2004 жылы 2 212,1 млн. теңгені, 2005 жылы 3 217,1 млн. теңгені, 2006 жылы 3 954,7 млн. теңгені құрайды.

